

84квз
К-41

ҚАРАЙДАР
мен
ҚЫЗЫЛГҮЛ



с 84 каз
к. ч.



ҚАРАЙДАР мен ҚЫЗЫЛГҮЛ

Ноғай жырлары

Кұрастырган және алғы сөзін жазған —


Рахманқұл БЕРДІБАЕВ



АЛМАТЫ
«ЖАЛЫН»
1989

84(0)4Тат — 5

К 41



4R

Ч

205801

Пікір жазған — Рахымжан Отарбаев

1

Қарайдар мен Қызылгұл: Ноғай жыры
К 41 /Күраст. және алғы сөзін жазған Р. Бер-
дібаев.— Алматы: Жалын, 1989.— 200 бет.

«Қарайдар мен Қызылгұл» атты бұл кітапқа ноғай халқының «Айсылдың ұлы Эмет батыр», «Бозжігіт», «Шора батыр», «Әділ сұлтан» сияқты көлемді лиро-эпостық дастандары мен әр түрлі тұрмыс-салт, ғашықтық жырлары енген.

Сонымен қатар жинақта XIV-XIX ғасырларда өмір сурғен ақын-жыраулардың да жекелеген өлеңдері берілген.

К — 4803000000—78
408(05)89 157—89

84(0)4Тат—5

© Қазақша аудармасы,
«Жалын» баспасы — 1989

ISBN 5—610—00409—8

ст,-Каз, областная
детская библиотека
им. А. П. ГАЙДАРА



ЕГІЗ ЕЛ, ЕТЕНЕ ӨНЕР



I

БІР ЗАМАНДА «ногай», «ногайлы» деген атпен алыс-жақын елдерге жалған халықтың соңғы ғасырлардағы тағдыры қалың, көпшілікке қанықты емес еді. «Ногай» атауы кейбір қазақ рулатының құрамында кездескенімен, тұтас бір ел ретіндегі мағынасы бұлдырап, эпикалық ескі ұғым секілденетін. Ертегілерде, эпостарда ұшырасатын «ногайлы заманы», «ногайлы дәуірі» деген тұрақты тіркестер ғана тарихта осындағы бір кезеңнің болғанынан саңылау түсіретін. Халық санасында бұл сөздердің терең ұялагандығы соншалық, «ногайлы дәуірі» деген қазақтың төл ұғымындағы етene естілетін. Әсіресе көне жыр мен аңыздың жалпы сарыны, эпос батырларының этникалық сипаттамасы «қазақ» пен «ногай» терминдерінің бір түбірден тарайтынына күмән қалдырмайтын еді. «Қазақ емес, сарт емес, Қамбардың тубі ногайлы» делінетін «Қамбар батыр» жырында. Мұрын жырау арқылы жеткен «Қырымның қырық батыры» жыр тізбегінің де күрделі идеясы ногайлы жұртының бутіндігі мен тәуелсіздігі үшін күреске саятын. «Ер Сайын», «Қобланды батыр» жырларында да ногайлы мұддесі қатарластырыла айтылатын. Тіпті көне эпикалық аңызда — «Қозы Көрпеш — Баян сұлуда» да оқиға «Он сан ногай Орманбет би заманында» болыпты деп келетін жерлер бар. Мұның бәрі халықтың эпикалық санасында көп ретте «ногай»—«қазақ» деген түсініктің синонимі секілденіп кеткенін көрсетеді. Ал XV-XVII ға-

сырларда өмір кешкен Сыпыра, Асан, Қазтуған, Шалқиіз, Доспамбет шығармаларында ногайлы елі атынан сөйлеу жиі кездеседі. Бұл жыраулар түндиштік мәдениеттің қазақ, ногай әдебиеттерінің органдарының қазынасы болып есептелуі — мейлінше табиғи құбылыс. Сөйтіп біздің халықтарымыз арасындағы ежелгі тұстықтың нышаны, ең алдымен, ауыз әдебиеті мұрасында мәңгілік қуәлендірілгенін көреміз.

Қазақтың ұлы ғалымы Уәлиханов өзінің зерттеу еңбектерінде халқымыздың батырлық жыры негізінен ногайлы дәуірінің түндиштік мәдениеттің органдарының қазынасы болып есептеледі. Әсіресе ол бұл пікірін тарихта аты белгілі қайраткерлер туралы нақтылық жырларға қатысты айтқан болатын. Шоқанның осы ғылыми концепциясы кейінгі зерттеушілер үшін үлкен бедел, зор тірек болып есептеледі. Курескер ақын Сәкен Сейфуллин «Қазақ әдебиеті» (1932) деген монографиясында бұл мәселені көп тарихи фактілер келтіре отырып, кеңінен талдады. Қалай болған кунде де — қазақ ауыз әдебиетінің қалың қабаттары ногайлы дәуірімен байланысты деген тұжырым — басқа да көптеген ғалымдар еңбегі арқылы дәйекті жалғастық тауып, анықталған қағида.

Ал осы ногай халқының тегі, табиғаты, қонысы этническим құрамы туралы тарихи деректер де фольклор фактыларын қуаттайды. «Ногай — Алтын Орда әскерінің қолбасшысы Ногай батыр ұлысының құрамына кірген, түрік тілдес қыпшақтармен араласып, олардың тілін қабылдаған түрік және монгол тайпаларының ұрпағы. Ногайлар Едігенің ұлы Нұрадин (1426-40) билік еткен мемлекетке бірікті. XVI ғасырдың екінші жартысында Улкен ногай және Кіші ногай болып екіге бөлінді. Кіші ногай Еділдің батысын, Улкен ногай Еділдің шығысын мекендейді. Қырым ханына, Турік сұлтандығына, орыс патшасына тәуелді ногай халықтары 400 жыл бойы Қырым мен Еділ арасында өмір сүрді» («Қазақ совет энциклопедиясы», VIII том, 1976, 392-бет). Ногай ордасы кезінде бұл шекаралық шеңбер анағұрлым кеңейгені белгілі. Осы жөнінде қазақ энциклопедиясында келтірілген мағлұматтан тағы да бір узінді алаїық: «Ногай Ордасы — XIV ғасырдың аяқ кезінде Алтын Орданың ыдырауы нәтижесінде пайда болған феодалдық мемлекеттік бірлестік. Ногай ордасы XIII ғасырдың екінші жартысында Алтын

орданың әскери қолбасшысы Ногай әскерлерінің құрамына енген тайпалар мен маңғыт тайпаларынан құралған. Ногайлар Еділден Ертіске дейін, Каспий және Аral теңіздерінен Қазан мен Тюменьге дейінгі жерлерде көшіп жүрген. Орданың орталығы Жайық өзені сағасындағы Сарайшық қаласы болды. Негізгі қасібі — көшпелі мал шаруашылығы» (VIII том, 394-бет). Тарихтың бұл қысқаша тұжырымында қазақ пен ногай бірлестігінің негізгі желілері жатыр. Бір-біріне егіздей ұқсас тілде сөйлеген, шаруашылық қасібі ыңғайлар, тубі бірге туысқан халықтардың бірнеше ғасыр бойында бір мемлекет немесе одақ құрамында жүруі олардың ортақ мұдделестігін белгілеген, мәдени, рухани тұындыларын да жаңын еткен. «Ногайорыс» сөздігінің мәліметтеріне қарағанда қазақ халқын құраған негізгі этникалық тайпалар мен рулар ногай ішінде де бар. Ендеше тілдік туыстықтың да, ауыз әдебиеті қоры оргақтығының да себебі айқын болса керек.

Зерттеушілер қазақ пен ногайдың екеуінде де ертеден айтылып, сақталып келген фольклор жанрлары мен көркем сөз ескерткіштерінің құрамына қатысты қызығылықты пікірлер түйеді. Мәселен, ногай ағартушысы А. Жәнібеков жинаған «Сөз қазынасы» деген төрт томдық қолжазбада «Мамай», «Айсылдың ұлы Эмет батыр», «Едіге», «Шора батыр», «Қазтуған», Эділ сұлтан», Ер Тарғын», «Қобланды батыр», «Күсеп батыр», т. б. жырлар топталған. («Ногай халық жырлары, Москва, 1969, 16-бет). Революциядан бұрын ногай жыршилары «Көкше батыр», «Манас», «Делі Ағыс», «Ер Қосай», «Қарасай», «Орманбет би», «Құрманбек», «Ер Сайын», «Қамыр батыр» эпостарын айтып келгені туралы да пікірлер бар (Аталған кітап, 18-бет).

Бір атап өтерлік нәрсе сол — қазақ пен ногайда қатар сақталған жырлардың көлемі мен көркемдігінің арасында көп айырма кездесетіндігі. Жоғарыда көрсетілген және басқа жыр, аңыздардың ең толық, жетілген, көркем улгілері қазақ нұсқалары екені көміл. Ногай халқы ғасырлар бойында бастаң өткерген алуан түрлі ауыр оқиғалардың зардабынан талай аумалы-төкпелі жағдайға түсіп, шашыранды күн кешіп, эпикалық мұраны дамытуға мұмкіндік те таба алмаған секілді. Жыр үздіксіз айтылып, құлпырып, көркейіп кемелденуі үшін эпикалық дәстүр мен орта қажет екені белгілі. Айт羞ылар мен тыңдаушы орта

азайған сайын жырдың да ажары солғындаи түспек, көлемі де қысқарып, ертегі-әңгіме түріне жақындаи бермек. Ілгеріде мысалға алынған эпостың әрқайсысы қазақ нұсқасында, орта есеппен, алты мың, жеті мың өлең жолынан тұрса, ногай нұсқаларының көлемі анағұрлым шағын. Көп жағдайда кең көсіле, шалқыта жырланатын эпикалық аңыздаулардың журнағы ғана қалған. Біз бұл арада фольклорлық мұраның сақталу заңдылықтары туралы ғана айтып отырмыз. Ғылым ушін, салыстыра зерттеу ушін үлкен болсын, кіші болсын, ауыз әдебиеті нұсқаларының бәрі де қызықты, бәрі де бағалы. Ногай халқы фольклор қазынасын уақыт шаңының астында жоғалтып алмай, жадында сақтап келгені, сөйтіп қазіргі заманға жеткізгені сәттілік деуге болады.

Жанрлық бөлініске келгенде де ногай ауыз әдебиетінің байлығы байқалады. Біз оның ішінен қаһармандық, ғашықтық жырларды да, тарихи, тұрмыс-салт өлеңдерін де, мақал-мәтелдерді де, жұмбақтарды да, айтыстарды да кездестіреміз. Сонымен қатар ногай халқының әлеуметтік тұрмыс ерекшеліктеріне байланысты тұған өзге жанрларды да (қазақ жырлары, ойын жырлар, шынылар) атап өту керек.

Бір кезде ұлан өңірді жайлаган, неше «сан» болып бөлінген көп ногай қазір Ставрополь өлкесін, Қарашиб-Черкес автономиялық облысын, Дағыстанды, Чечен-Ингушетияны ойдым-оидым қоныстаған жуз мыңның бер жағындағы шағын ғана ел. Ногай деп аталағын халықтың күрт «азайып» кетуінің түрлі себептері бар. Солардың ішінен біраз мәселеге тоқталсақ та жағдай анықтала туседі. Соңғы бірнеше гасыр бойында күшті көршилердің, әсіресе Россия патшалығының дүмпуімен ногайлардың әлденеше рет қоныс аударғаны белгілі. Осындаи жағдайдың салдарынан бір кездегі тұтас ел бөлшектенген. Қалмақ хандарының шабуылдары да ногай еліне ауыр тиеді. Сондай жорықтың бірі 1634 жылы болады. Ногай жырларындағы тұрақты да қаһарлы жау қалмақ болып келетінінің туп негізі осыдан. Әсіресе алыс Жонғариядан, жер тубінен көшип келіп, Еділ мен Донның арасына орналасқан қалмақ хандығы патшалықтың ногайларға қарсы саясатын жүзеге асыруына жұмсаған қанды шоқпары болады. Қырым мен Солтүстік Кавказды мекендеген көшпелі елдің үлкен бір бөлегі Туркияға

қоныс аударады. 1860 жылғы дерек бойынша, Түркияға 180 мың ногай ауған («Қазақ совет энциклопедиясы», VIII том, 1976, 394-бет). Сондай-ақ Қырым татарлары мен ногайлардың біразы Румынияға, Добруджа үәлейетіне кеткен...

Россия патшалығы көп ғасырлар бойында түркі тілдес халықтарды «татар» деген жалпы атаумен атап келгені белгілі. Осындай себеппен ногай да татар аталып кете барған. Қырым және Астрахань ногайларының көбі осылайша жаңа «есімге» ие болған. Қазақтардың кейінгі кезге дейін көп жағдайда «татар» және «ногай» дегенді бір магынада ұғып келгендігі де осындай хикметке байланысты. Сондай-ақ «литва татарлары», «польша татарлары» дегеннің де қазір Еділ бойында татар есіміне ие болып отырған, аргы тегі булгар болып есептелетін халыққа қатысы жоқ. Мұндай «ғажайып» тарихта аз кездеспейді. Мәселен, Солтүстік Азияны жайлап саха халқы бүгінде жалпы жұртқа якут деген атпен мәлім. Ал шығыс Қазақстанмен іргелес жатқан алтай халқы күні кешеге дейін ресми документтерде ойрат деп жазылып келді. Тіпті алыстан мысал іздемей-ақ, патшалық Россия билеушілерінің еркімен қазақтың екі-уш жұз жыл бойы қыргыз делініп келгенін еске салсақ та жеткілікті.

Енді бірер сөз ногай және қазақ фольклорының өзара жақындығының сыпаты жөнінде. Әдетте ауыз әдебиетіндеңі үндестік, сарындастық сырғы түрлі себептен болады. Халықтардың стадиялық дамуының, шаруашылық деңгейі мен бағытының бірыңғайлышынан туатын ұқсастықты жалпы тарихи-типологиялық қатарда қараймыз. Тілі бөлек болғанымен, негізінен көшпенің өмір сүрген түркі, монгол халықтарының фольклорындағы ұқсастық осы заңдылыққа саяды. Ал көп уақыт көрші, аралас-құралас отырғандықтан бір-бірінен ауысу процесі фольклорда тарихи-мәдени типологиялық құбылыс болып саналады. Қазақ пен ногай ауыз әдебиетіндегі ортақ сарындар тарихи-генетикалық заңдылыққа жатады. Бұл екі халықтың фольклорындағы ұқсастық сол байлықты жаратушылар мен айтып таратушылардың әуел баста бір түбірден шыққан түистігіна байланысты. Бұлай болмаған кунде арасында мыңдаған шақырым алшақ жер жатқан Қазақстан мен Румыния ногайларында «Қозы Көрпеш—Баян сұлу» жырының мазмұн бірдейлігінің сырын түсіне

алмаған болар едік. «Қозы Қорпеш — Баған сұлу» да өзге жыр, аңыздар секілді, қазақ пен ногай құрамына қосылған ергедегі тайпалар мен руладың бағы заманнан бері айтып келе жатқан төл түйндысы. Эрине, қоныс шалғайлышқа, түрлі этникалық, мәдени ортамен аralасуларға, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларға байланысты ногай фольклорына қосылған тың өрнектер, соны сарындар да жоқ емес. Міне, осы жақындық пен «өзгеліктің» сыпатын ногай поэзиясы антологиясын оқыған зиялы қауым жақсы аңгарса керек.

Қазақ тілінде тұңғыш рет жарық көріп отырған ногай халық өлеңдері жинағының жанрлық және көркемдік сыпатына аз-кем тоқталып өтуіміз ләзім...

II

КӨЛЕМДІ жырдың бірі — «Асылдың ұлы Әмет батыр». Қара сөзі, өлеңі аралас айтылатын бұл жырда бұрынғы хандар заманындағы қарапайым халыққа жасалып келген озбырлық сырғы терең ашылған. Мұнда Жәнібек (Янбек) ханның қысым, ызгарына шыдамай, Айсыл батырдың елден кеткені, кейін туған жұртына жаудың қаупы төнгенде қайта оралып келгені, мұның батырлығы ұлы Әметке дарығаны сөз болады. Жауды жеңіп берген Әметке хан қызын қосуға уәде етеді, бірақ артынша тез айнып, қызын Бұғылы байдың ұлына атастырады. Осы жат хабарды естіген Әмет хан отырған үйге келіп, мақсатына жетпей тынбайтынын ескертеді. Әмет:

Ана Еділ бастан былғанды,
Тезірек тынса игі еді.
Енесінен тел қозылар айрылды,
Енелерін тезірек тапса игі еді,—

деп тұспалдан бастаған сөзін қайтпас жігерге, қайсар кекке толы жолдармен аяқтайды. Хан қызы Шәэрбекті Әмет алып қашып, тауға панарайды. Бұлардың соңынан Алау батыр бастаған құғынши туседі. Бірақ Алау батыр Әметті аяп, Әметке бас бармағын жарагатып кері қайтады.

Хан қудалауын қоймайды. Ақырында Әмет пен оның серіктерінің арасына жік түсіп, Әмет Шәэрбекті алдына алып, атына мініп, қиядан құлап өледі. Жырдың таптық астары ел үшін қанша қайрат көрсетсе де, еңбегі бағаланбаған, бақыттына жетпеген, кедей батыр тағдырынан өте анық көрінеді. Атап өтерлік нәрсе — жырдың жалпы сарынында (ханың опасыздығы, жауды жеңіп, елін аман сақтаған ердің хан тарапынан қиянатқа ұшырауы) «Ер Тарғынмен» үндестік бар екендігі. Бұл өз алдына зерттеп, салыстырып көрерлік мәселе. Ал Мұрын жыраудан жазып алынған «Айсаның ұлы Ахмет» ногай нұсқасымен бір түбірден таралған.

«Қарайдар мен Қызылгүл» — ногай халқының сүйікті жырларының бірі. Мұнда кедей жігіті Қарайдар мен бай қызы Қызылгүлдің ғашықтығы олардың кезек диалогы арқылы әсерлі суреттелген. Қалыңға төлерлік мал жинауға алысқа аттанған Қарайдар сыртта көп қызындық көріп, қайта оралғанда сүйген қызының бір бай баласына ұзатылу тойына тап келеді. Сүйген жарының өзгеге ұзатылу тойының үстінен шығу — көне эпикалық сарын — бұл арада жаңғыра қайталанған. Ғашықтардың мұрагжы жетпеуіне бас себеп — олардың таптық теңсіздігі екендігі жырдың әлеуметтік мәнін арттырады. Жырда екі жастың кіршиксіз іңкәрлігін, пәк махаббатын бейнелейтін тамаша көркем, ақиқатшыл шумақтар барышылық. Қарайдар жолаушылап жургенде, Қызылгүл балыға бал аштырып, «ғашығың қайтпас жерге кетіпти» дегенде оған былай жауап береді.

Үмітім бар Қарайдар
Келер ме деп бұл күзде.
Қыз ажарым бұзылып,
Әжім түсті нұр жүзге.
Аузы барып ұялмай
Сөз айтатын кім бізге?
Сүйрелеме оң-солға,
Алданбаспын әр сөзге,
Мың жыл жасар болсам да,
Сүйе алмаспын жарды өзге...

Жырдың сөз құрамы мен бейнелеу кестелерінде қазақ, қарақалпақ, қыргыз, өзбек, татар ауыз әдебиетінде жиі ұшырайтын суреттер («Кірпігі қайқы, қасы жай», «қыналы

бармақ Қызылгұл», «қара киіп, қан құсып, қара бауырым тілгенін», «қара жер», «құлан сан», «көмекейім бұлжілдеп, тілім келмес сойлерге», «бедеу ат», «нар қамыс», «көгершіндей гөзелім», «шырын жан» «балдан тәтті», «нұр төгілген жүзінен», т. б.) мол. Жалпы қазақ, қарақалпақ, ногай эпосының тіл кестесіндеған ұқсастықтар мен негізі бір нақыш, бейнелер мол екенін қарақалпақ зерттеушілерінің еңбектерінен де көреміз (Қ. Максетов, Каракалпакский эпос. Ташкент, 1975).

Орта Азия мен Қазақстан халықтарының көбіне ертеден қанықты «Бозжігіт» жыры ногайларда да бар. Бұл да, сөз жоқ, зерттеу үшін қызығылықты материал. Жырда бірін-бірі түсінде көріп ғашық болған Бозжігіт пен Сайбжамалдың мұратына жете алмай, мert болғаны көркем кестеленген. Мұнда да, ногайдың басқа жырларындағыдай, оқиға өрілімі қаһармандардың диалогы түрінде беріледі. Өлең мен қара сөз кезек алмасып отырады. Бұл тараптан «Бозжігітте» халық романдарының сыпаты молырақ.

Аса қызығылықты құбылыстың бірі — «Бозжігіт» жырында қазақтың тұрмыс-салт жырларындағыдай жоқтау, естіртулердің мол орын алуы. Бозжігіттің өлген хабарын оның ата-анасына естірту өзінің құрылыш сарыны, бейнелеу кестесі жағынан қазақ өлеңдеріне текстес екендігіне күмән қалмайды. Мысал ретінде ногай нұсқасынан төмендегі жолдарды келтирсе де болады.

...Катын қалса, ер табар,
Бала қалса, мал табар,
Қызың қалса, жар табар.
Жан алқымға жеткенде
Гаріп басың не табар?
Мінген атың бос қалса,
Мінетін ер табылар.
Киген тоның бос қалса,
Киетін ер табылар...

Ногай халқының эпикалық мұралары ішінде «Шора батыр» жыры да кең танымал. «Шора батырдың» осы аттас қазақ жырымен кейбір ұқсастықтары да, елеулі өзгешеліктері де бар екенін көреміз. Жыр кейіпкерлерінің (Нәрік, Шора, Әли, т. б.) және олардың ру, ататегінің аттары бірыңғайлас келгенімен, суреттеле-

тін оқиғалардың сипатында бөлектік бар. Сондықтан бұл жыр жеке версия ретінде қаралуға лайық. Мұнда Нәрік, Шоралар Қырым елінің адамдары болып сипатталады. Шораның Қырымнан кетуі сол елдің Әли би секілді әкім адамын ерегіс үстінде өлтіруіне байланысты болады. Нәрік те, Шора да зәбірлеуші емес, күштілердің зорлығына ұшырап, ерлікпен кек қайтарушы ролінде журеді. Нәріктің қарагер атын тартып алған Әли биді Шора өлтіреді. Бұдан кейін Қырымда қалуга қауіптеніп, Қазан шаһарына барады, онда Сәли қарт дегенниң үйінде тоғыз жыл тұрады, кейін улкен соғысқа қатысып, қарагер атымен Еділ суына батып өледі... Шораның қандай жаумен ұрысқаны, нендей ерлік көрсеткені ногай жырлары жинағында айтылмаған. Жырдың асыл нұсқасы осылай ма, жоқ әлде құрастырушылар кейбір қысқартулар жасаған ба — ол жағы да бізге белгісіз. Қалай болған күнде де, «Шора батыр» жырның идеялық-көркемдік ерекшелігін, генезисін, варианттарын, версияларын анықтап, жырдың шын халықтық тұлғасын ашуға ногай нұсқасы өз тұсынан қосымша, пайдалы дерек бере алатыны анық.

Ескерерлік мәнді мәселе — Шораның жау іздеген жортуылышы емес, зәбірленген әже-шешесінің намысын қуушы болып көрінуі. Әли бидің астамшылық, зорлығын естігенде Шора батыр былайша толғанады:

...Алдаспаным әкелші,
Аш беліме ілейін.
Ақ кіреукем әкелші,
Жалаңаш етке киейін.
Ақтәжінің өктем кеткен
Билерін,
Құып барып жетейін.
Тарам-тарам етейін,
Тураған еттей етейін.
Бөлек-бөлек етейін,
Бөріккен қойдай етейін.
Бөрідей шабын жыртайын.
Бөрік етіп киейін.
Бұл айтқаным етпесем,
Мұратыма жетпесем,
Нәріктің ұлы мен Шора,
Анамнан арам туған болайын.

Жырдағы көркем тұстардың бірі — Шораның алысқа аттанарда жұбайы Алтынмен қоштасуы. Бұл арада

Алтынның аузымен ежелгі жыраулар толғауына үқсас өлең өрнектері төгілген. Соның бірер шумағын алып көрейік.

...Ай не болар күн кетсе,
Күн не болар, ай кетсе,
Алаңгар кезді ақ шортан,
Оның күші не болар.
Қазы жемен жалдан соң
Қүйбендескен көп жаман,
Қотанды қойға қол созып
Қорлығын көп тигізер,
Анасы айдын теңіздей,
Жарқыраған көл кетсе.
...Атан жекпен нардан соң,
Сенен соң.

«Шора батырдың» нұсқалары көп екені белгілі. Олардың әрқайсысында оқиға түрлі аймақта өтеді. Сол нұсқалардағы кейіпкерлер әрекеті, оқиғалар өрілімі де басқабасқа. Демек, бұл жыр туралы түпкілікті тұжырым, қорытынды сөз айтуга әлі ерте. Ондай жинақтығының пікір әр елдегі жыр версияларын, вариантарын салыстыра зерттеу нәтижесінде ғана тумақ. «Шора батырдың» ногай версиясында Шораның ата-тегі туралы молырақ, нақтырақ дөрек кездесуі жыр туралы ұғымды кеңейте түседі.

Ногай жырларының бірі — «Әділ Сұлтан». Бұл жырдың да қазақ оқушысын қызықтырлық сипаттары бар. Әділ Сұлтанның он жасынан жиырма жасына дейінгі өмір кезеңдерін шолып, әсірелеп суреттеу жалпы туркі, қыпшақ эпосына тән дәстүрді еске салады. Жырда қазақ, ногай тілінің ертедегі кезеңін бейнелейтін оралымдар мен теңеулер жиі кездеседі. Мәселен, Әділ Сұлтанның анасы алыста жүрген ұлы түсіне кіргенін балгерге былайша күдікпен баляндайды.

Жауырының жапқан қара айдар
Жазылыңқы көрінді.
Көмекейде қызыл тіл
Тартылыңқы көрінді.
Алты ат тартқан адирна
Сынған сынды көрінді.
Бұлтқа жеткен боз тұндік
Бастырыңқы көрінді.
Ер мұраты екі аяқ
Созылыңқы көрінді.
Ер медеуі екі қол

Бүгіліңкі көрінді.
Ер шырағы екі көз
Жұмылыңқы көрінді.

Атап өтерлік мәселенің бірі — ногай жырларында өзге эпостардың қаһарманы болып табылатын эпикалық ерлер аралас жүреді. Мәселен, «Шора батырда» — Мамай, Қазы, Қамбар, Құлышақ; «Әділ Сұлтанда» — Үйсін ұлы Сүлеймен, Орақ ұлы Қарасай, Абдул-қазы Шелеби есімдөрі ұшырайды.

Тұысқан халық ауыз әдебиетінің аса қызықты саласының бірі — «Қазақ жырлары». Ең алдымен бұл атаудың мәнісіне келейік. Үстірт қараганда «Қазақ жырларын» қазақ халқы туралы немесе қазақтан ауысқан өлеңдер деп ұғып қалуға болады. Бірақ шындығында бұл терминнің мағынасы басқалаша. Ногай ауыз әдебиетін зерттеуші Әшім Секалиев мұны былайша түсіндіреді: «Революциядан бұрынғы жыр қазынасында қазақ жырларының қатпары айрықша қалың. Қазақ жырлары...— байлардың зорлығына төзе алмай, оларға бойсынбау үшін, олардан өшін алу үшін жат жерлерге «қазақ шығып» кеткен жарлы ногай жігіттерінің шығарған жырлары (Ногай халық шырлары. 1969, 20-бет). Бұл топтағы жырларда теңдік, ерлік, тұған жер, жалғыздық, кедейлік, байлардың зорлығы жайында терең толғаныстар болады. Теңсіздікке, байлардың устемдігіне қарсы күрес — қазақ жырларының негізгі сарыны.

Ногай өлеңдерінің осы тобы «қазақ» деген сөздің әлеуметтік мазмұнын ашатын қосалқы дәлелдеме секілді. Сан рудан, ертедегі көп түрлі бірлестіктер мен одактардың бөлшектерінен құралған біздің ата-бабаларымыз XV ғасырда Әбліхайыр ордасына наразы болып бөлініп шыққанда, жаңа ел мен хандық атын «қазақ» деп атағанын еске түсірсек те жеткілікті. Демек, «қазақ» ұғымы белгілі бір қысымға бағынышты болғысы келмей, еркін өмірді, тәуелсіз тіршілікті іздеушілерге беріліп келген жиынтық есім екен. Құмық халқының ауыз әдебиетінде кездесетін «қазақ жырлары да» ногайдагымен қарайлас...

Әлеуметтік мағынасы осыншама өр, өжет атаудың поэзиялық ажары да ерекше. «Қазақ жырларынан» намыс пен бақыт жолында жан кешіп, тәуекелге бел байла-

ған ерлердің рухы елес береді. Халықты, қаһарман-
дыққа, қажырлылыққа үндейтін, ерлікке шақыратын,
барлық пен жоқтық, батырлық пен ездік нарқын, аза-
маттықты насихаттайтын мұндай жырлардың тәрбие-
лік мәні күшті.

...Батыр қазақ көп жатса,
Алтын-күміс табар ма?
Батыр қазақ қақырмай,
Қанды көбік түкірмей,
Өлең төсеп, ет жемей,
Өлімші халге ұшырамай,
Қауғадайын сақалға
Күректей мұз қатырмай,
Атанның белін бұктірмей,
Анамыздың көзінен
Қанды бір жас төктірмей,
Әпкемізді аңыратпай,
Қарындасты қақсатпай,
Алатұғын арудың
Ақша бетін солдырмай
Барып, айдал қайтуға,
Тегін олжа мал бар ма?..

«Қазақ жырларының» бағыты мен сипаты осылайша келеді. Құбылыстың мәнін терең ашып, кемел толғап, устемелетіп, әрі шешен, әрі көсем сөйлеу ежелгі жырлардан қалған салт болатын. Бұл үлгіні қазақтың бұрынғы көп жырау, жырши, ақындары дамытып, көркейтіп отырган. Уақыт өте келе жеке ақындардың өлеңдері халық мұрасы ретінде жатталып, кейбір шумактар мен тіркестердің иесін тауып болмайтындаи халге жеткен. Ноғайдың «қазақ жырлары» дәл осы айтқандай халықтың ортақ мұрасына айналған.

«Қазақ жырларының» қай-қайсысында да біздің ертедегі ақын, жырау шығармаларымен сарындастық сезіледі. Мұның көп себебі болса керек. Соның бірі — ертеде қазақ пен ноғайдың бір мемлекеттік бірлестікте, орайлас тұрмыс-салт кешкендігінде, екі халықты құраган этникалық компоненттердің бірдейлігінде. Түрколог галымдардың күллі түркі тілдері ішінен қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдерін ең жақын топ деп бөлетін-дігі тегін емес. Демек, бұл арада жырлар «кімнен кімге ауысқан» деуден гөрі, сол жырларды тудыруышылар мен сақтаушылар кім, олар қашан, қандай

жагдайда өмір кешкен деген сұрау анағұрлым шындық-қа жуық келмек. «Қазақ жырларының» улгісі кейінгі жырыши, ақындар термелерінде елеулі орын алатындығын аңгару қын емес.

Ноғайдың тұрмыс-салт жырларынан да халқымызға қанықты сарындарды танимыз. Қалың мал төлеген адамға еріксіз үзатылған қыздың мұң-наласы талай жырга өзек болған.

...Қою шашым төкпелі,
Мен әкеме өкпелі,
Өкпелі болмай қайтейін,
Бір жыл тұрсам көп пе еді?..
...Басымды жудым балменен,
Белімді будым талменен,
Ал шешектей қыз едім,
Алдан алды малменен.
...Теке мүйізі тең бе екен,
Тентекке ел тар ма екен,
Теңім тауып бермеген,
Әкемде ақыл бар ма екен?..

деген сияқты шумақтардың қазақ өлеңдеріне қаншалық жақын екенін дәлелдеп жатудың өзі артық.

Ағайын халықтың ауыз әдебиетінде боздаулар да тиісті орын алады. Сөз болып отырған жинақта бұл текстес өлеңдердің де бірнеше улгісі келтірілген. Мысалы, келіншектің күйеуін жоқтауының көркемдік келбеті былайша болып келеді:

Алла жазған тағдырым,
Атам қосқан қосағым,
Етіме киген көйлегім,
Хас арғымақ жүйрікті
Кімге бердің мінуге?
Су тілесен, бал берген,
Ет қасыған тырнағым,
Қалампыр түсті көйлекті
Кімге бердің киуге?
Өзің алған құтсызды
Кімге бердің сүюге?...

Ауыз әдебиетінің көне жанрларына келгенде, ноғайдың жыр, өлеңдері қазақтың өз туындысы секілді. Мұны бесік жырынан да, қыз бен жігіттің қайым айтыштарынан да байқаймыз.

Әлем халықтарының фольклорындағы ортақ заңдылықтың бірі — классикалық эпостардың дәстүрі сар-

қылған кезде белгілі бір саяси-әлеуметтік оқиғалардың нақтылы ізімен туатын тарихи өлеңдердің көбеюі. Бұларда болып откен істердің сұймаган әсері, халықтың сол істерге деген көзқарасы, бағасы мейлінше анық елестейді. Ногай ауыз әдебиетінде тарихи өлең жанрана жақын келетін түйндылар мол екенін көреміз (солдат, түрме өлеңдері, т. б.). Мұндай шыгармалардың танытқыштық сыпаты мол. Тіпті біз жоғарыда эпос санатында талдаған жырлардың бірсынырасында тарихи аңыздар аралас келетін тұстар аз емес. Мұның өзі ногай фольклорында архаикалық элементтер мен модельдер азырақ, оның есесіне нақтылы тарихи дәүірлердің шындығы басымырақ екенін аңғартады.

Тұрмыстық-салттық өлеңдердің дәстүрлі, таныс улгілерімен қатар ногай топырағында тұған өзге турлері де кездеседі. Солардың қатарында «Бөрі жыры» мен «Шегіртке жырын» атап көрсетуге болады. Осының соңғысында піскен егіске апат бол тиетін шегірткенің кесірі көрсетіледі.

Ел салады егінді,
Сен сүйесің тегінді.
Орағың жок, шалғың жок,
Қайтіп ордың, шегірткем?
Қүрегің жок, қабың жок,
Қайтіп жидың, шегірткем?...
Басың бақыр қазандай,
Көзің соқыр сазандай,
Бармаққа шашшар етің жок,
Ұялатын бетің жок,
Ернің бар да, тілің жок,
Сенің келмес жылдың жок,
Аузың бар да, тісің жок,
Адам сүйер ісің жок.

Ногай ауыз әдебиетінде адам өмірінің барлық кезеңдерін, шаттығы мен қайғысын, үміті мен арманын, дүние, қоғам құбылыстарына бағасын, наным-сенімін бейнелейтін түйндылар бар. Бесік жырынан бастап кісі өлгенде айтылатын боздауларға (жоқтаулар) дейінгі аралықта сан бояулы, алуан нақышты өлеңдер ұшырайды. Олардың көбі бізге төл мұрамыздай естіледі. Мәселен:

Эй, ақ бала, ақ бала,
Ақ қозыны бақ, бала.
Ақ қозыны бақпасаң,
Қаймақ саған жок, бала,—

деген жолдарды қазақ өлеңінен айырып алу қысын.
Бұл және көптеген басқа мысалдар ногай мен қазақ
елдерін егіз, сөз өнерін етеп таныта алады...

* * *

Совет жылдарында ногай халқының мәдени дамуына мүмкіндік туды. Солтустік Кавказдың басқа да халықтары секілді ногайлардың да жаңа тағдыры басталды. Ногайлар Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейін де араб әрпімен жазу-сыйзыды білген ел. Бірақ патша заманында бұл халықтың рухани қажеті мүлде ұмыт қалдырылған еді. Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, тіпті «ногай» деген сөздің өзі тым сирек айттылып, тарихи ізи көмескілене бастаған-ды. Түрлі әкімшілік аудандарға бөлшектеніп кеткен ногайлардың қайта тұтасып, бірігуі мүлдем мүмкін еместей көрінетін.

Бұл күнде Қарашай-Черкес автономиялық облысының, Дағыстанның баспаларынан ногай тілінде кітаптар, газеттер шығады. Кейбір жинақтар Москва да жарық көреді. Ногайлар отызының жылдарда латын алфавитін қабылдаса, қырқының жылдардан бері славян әріптеріне негізделген жазу жүйесіне көшті.

Ногайдың жазба әдебиеті де дамып келеді. Бірнеше ногай қаламгерлері — СССР Жазушылар одағының мүшесі. Әдебиеттің өсіп келе жатқан жас күштері өз алдына бір тәбе. Бұлардың тұындылары Черкесск қаласында шығатын облыстық «Ленин жолы», Дағыстанда басылатын аудандық газет беттерінде де жарияланып тұрады.

Өз елінің тарихын, этнографиясын, тілін, әдебиетін зерттейтін ногай ғалымдарының да еңбектері елеулі. Бұл қатарда тарихшылар Қызылгүл Жәнібекова, Рамазан Керейтов, фольклорши Әшім Секалцев, әдебиет сыншысы Шанидат Құрманқұлова есімдерін көлтіруге болады.

Ногай халық жырларының антологиясы алғаш рет


басылып отыр. Мұны мәдени өміріміздегі елеулі оқиғалардың бірі десек, артық айтқандық болмайды. Бұл жинақтан оқушы ногай мен қазақтың көркем сөз өнер дәстүрі қаншалықты жақын, тіпті көп ретте бірдей екенін де аңғара алады. Сондай-ақ кітаптан ногай елінің тарихи-элеуметтік даму жағдайларына орай тұған тың өрнектер де танылса керек. Ең маңыздысы сол — антология түркі тілдес халықтардың, соның ішінде қазақ пен ногайдың бір заманда «төскейде малы қосылған, төсекте басы қосылған» елдер екенін бүгінгі қауымға жете таныстыра алады. Ал ауыз әдебиетін зерттеушілерге ногай фольклоры салыстырып тексерерлік қаншама тың маглұмат берे алатыны өз алдына бір мәселе. Тарихшылармыз қазақ халқының этногенезін шындалп зерттеуге мойын бұрса, ногай деректері аудадай қажет болатыны да түсінікті.

Халықтар арасындағы достық пен ынтымақты күшету мұратын жүзеге асырудың жолдары тіпті көп. Біз Солтүстік Кавказдағы ногай ағайынның кейбіреулери қазақ тіліндегі газет, журналдарды жаздырып алып оқитынан да хабардармыз. Шындал келгенде көршіміз қарақалпақтар секілді ногайлар арасынан да қазақ тіліндегі басылымдардың оқушысы көбейе беруіне барлық негіз бар. Ол үшін мәдени, әдеби, рухани байланыстардың жүйелі де жігерлі жүріп жатуы, халықтардың бір-бірінің тарихымен, қазіргі жағдайымен толық мәнінде таныс болуы шарт...

Рахманқұл БЕРДІБАЕВ,
филология ғылымдарының докторы, профессор.



Эпостық жырлар



АЙСЫЛДЫҢ ҰЛЫ ӘМЕТ БАТЫР

Бұрынғы заманда Айсыл деген батыр болған. Оның өзі Жәнібек ханның сарай батыры саналған.

Айсыл батыр ханмен сыйыспайды, сол үшін хан оны жақтырмайды, оған дүшпандық жасайды. Ақырында Айсыл батыр әйелі мен Әмет атты жас баласын қалдырып, өзі қазактыққа шығып кетеді.

Айсыл батыр көп жылдар бойы қалың орман ішінде ғұмыр кешіп, тұла бойын түк басып, адам танымастай қалыпқа келеді.

Хан оны ұмытпайды, қашан да болса ол маған бір қастандық жасар деп, Айсыл батырды ұстау үшін артынан құғыншы әскер жібереді. Олар шаршамай іздел, Айсылды тоғай ішінен табады. Олар алдымен мал сойып, қазан асып, Айсылды шақырады. Айсыл кідірмей-ақ бірден келеді, алдына тартылған етті жемек боп, жауырын сүйекті алып қарайды да:

«Жауырын сүйек халықтың басына күн туғанын көрсетіп тұр, елге жау шапса керек. Елге қыншылық төнген күнде, ханмен араз-

дығымды қоя тұрып, халыққа жәрдем бермесем болмас», — деп орнынан тұрады. Осы кезде Айсылды қалай үстаймыз деп амал таба алмай отырган құғыншылар қуанысып қалады.

Айсыл алдымен өз үйіне келеді. Әмет батыр үйде жоқ еді. Әкесінен жастай қалған Әмет ер жетіп, атақты батырлардың сана-тына қосылған екен.

Бір кезде Әмет үйіне оралады, белдеуде байлаулы тұрған үлкен атты көріп, үйінде қонақ бар екенін сезеді. Ол Айсылдың өзіне қарамай, оның қабырғаға сүйеулі тұрған, адам көтере алмайтын қару-жарактарына қызығады, әкесің танымайды да, онымен ісі де болмайды. Әмет Айсылдан рұқсат сұрап, садақты тартып қарайды. Көп батырлар тарта алмаған садақты Әметтің іркілмей тартқанын көріп, баласының батыр болатындығына көз жеткізеді. Содан соң Айсыл Әметке әкесі екендігін білдіреді.

Осы кезде қалмақ ханы бұларға жаушылыққа келеді деген хабар естіледі. Жауға Айсыл батыр өзі бармай, баласы Әметке баруға рұқсат етеді және де Әметті бір қартқа жібереді. Ол қарт Әметке өзінің сақтап жүрген садағы мен бір жүйрік атын береді. Жауға аттанатын батырлар үшін хан той жасап, ат шаптырып, ойын-сауық құрып жатыр екен.

Олардың ішіне Әмет батыр да келіп қосылады. Ат жарыста Әмет батырдың аты бәрінен де озады. Хан Әметті танымай, бұл кімнің баласы екен деп сұрайды. Айсыл батырдың баласы дегенді есіткенде, көңілденіп тұрған ханның түсі бұзылып кетеді.

Жаудың келіп қалғанын естіп, хан әскерімен шығып, соғыс бастайды. Ханның көп әскері қырылып, өзі қолға түсуге шак қалады. Сол кезде Әмет өзінің жүйрік атын түсіп беріп, оның қашуына жағдай жасайды. Хан өлімнен аман қалғанына қуанып, Әмет батырга Шәэрбек атты қызын беруге уәде

қылады. Эмет майдан даласында қалады, хан қашып құтылады.

Хан қасындағы жендеттерімен арып-ашып келе жатып, жолда Бұғылы байға дем алуға тоқтайды. Бұғылы бай өзіне қонаққа хан келгеніне қуанып, үлкен той жасайды. Хан қайтар кезінде Бұғылы байдың ұлы Темірге қызы Шәэрбекті беріп, құда болуға бел байлайды. Ханмен құда болғанға мейманасы тасқан Бұғылы бай көп сыйлық беріп, ханды сарайына әкеліп салады.

Сарайда ұлан-асыр той болып жатқан кезде, Эмет батыр дұшпанды жеңіп, көп олжамен аман-есен қайтып келеді. Ханның уәдесінде тұрмағанын көріп, Эмет батыр бірден сарайға кіреді. Эметті соғыста өліп қалар деп ойлаған хан оның тірі екендігін көріп, таң қалады. Хан Эметке бір тостаған қымыз береді. Эмет қымызды қолға алғып тұрып былай дейді:

Ана-Еділ бастан былғанды,
Тезірек тынса игі еді.
Енесінен тел қозылар айрылды,
Енелерін тезірек тапса игі еді.
Айсылың батыр Эметі аттанды,
Өлең бітпей, шөп кеппей,
Омыртқасын ез алқадай ол бұкпей,
Өлімші жаман іске ұшырамай
Бұл жазымнан аман келсе игі еді.
Ұсарма, жандар, ұсарма,
Арғымақтай жануардың
Аяғын тал жібекпен тұсар ма,
Елдің басы Жәнібек хан
Бұғылы байдың ұлына,
Бұғысын баққан құлына,
Айсылың батыр Эметі тірі тұрғанда,
Қызын бергенге ұсар ма?
Ұсады, жандар, ұсады,
Арғымақтай жануардың
Аяғын тал жібекпен тұсады.
Екі жұзді Жәнібек
Бұғылы байдың ұлына,

Бұғысын баққан құлына
Айсылдың батыр Әметі тірі тұрғанда,
Қызын бергенге ұсады.
Бұлқыншағын бұрармын,
Бұрып жолға салармын.
Керегенді кесермін,
Кесіп шонтық етермін.
Елінді екі бөлөрмін,
Елтір тауға жабармын.
Бөлек-бөлек етермін,
Мұратыма жетермін.
Бұл айтқанымды етпесем,
Мұратыма жетпесем,
Әкем Айсыл, мен Әмет,
Әкемнен енші де алмай, мал алмай,
Дүниеден құрдым кетермін.

Бұл сөздерді айтып, Әмет батыр қымыз құйған ыдысты жерге қойып, шығып кетеді. Хан ашуланып, Әметті өлтірмек болады, оны қарттар макұл көрмейді. Сонда Әметтен құтылудың жолын іздең, қарттардан кеңес сұрайды. Қарттардың біреуі: «Екі күйеуді шатраш* ойнату керек, қайсысы ұтса, Шәэрбек сонықі болсын», — деп кеңес береді. Әметте, Темір де ризашылық білдіріп, шатраш ойнауға кіріседі. Ханның қызы Шәэрбек екінші үйде құрбыларымен бірге отыр екен. Әметтің хәлін білу үшін, жастықтар беріп бір қызды жібереді. Бұғылы байдың ұлы Темір ханның қызын сыйласап, жастықты басына көтереді, Әмет батыр болса, хан қызының жастығын астына басып отырады.

Жастық әкелген қыз Әметтің жеңіле бастағанын көріп кетеді. Жіберген жастықтарды Темірдің басына көтергенін, Әметтің астына салғанын есіткенде Шәэрбек: «Бай баласы — жарамсақ екен, батыр баласы «жігіт екен», — дейді. Әметтің ойыннан ұтыла бастағанын естіп, Шәэрбектің өзі келіп, терезеден сығалап қарайды да, былай толғайды:

* Шатраш — шахматқа ұқсас ойын.

Атты аттай ойнатсан,
Пілді пілдей ойнатсан,
Ханның қызы Шәэрбек
Түсер бұғау құрыққа.

Осыдан кейін Эметтің көзі ашылып, ойынды ұтып шығады. Бұл хабарды хан ести сала ашууланып, қызымды Эметке бәрібір бермеймін дейді. Эмет оңайлықпен іс бітпейтінін біліп, қызды алыш қашпақ болады. Атын жақсылап ерттеп, қызға жолығатын кеште атына қарал былай деп толғанады:

Сыныра сауыр, сұлу төс,
Сыдыра шапшы, жүйрігім,
Бетегелі белдерден
Зымырай шапшы, жүйрігім.
Сарай алды тар соқпақ,
Жан алыш, жан беруге барамыз,
Ашуынды айналаға байқатпай,
Аяғынды анық басшы, жүйрігім.

Сонан соң Эмет батыр аттанып, Шәэрбек жатқан ұшпа шатыр алдына барып тұрады. Эметтің келгенін білген Шәэрбек ұшпа шатырдан қарғиды. Эмет оны жерге түсірмей қағып алады.

Қалмақтан тартып алған
Хан таңбалы қара атты
Сарай жаққа қаратты.
Атадан қалған алты құлаш ала атты
Шатыр жаққа ойнattы,—
Шәэрбектей аруды
Тау жаққа ала жөнелді.

Эмет пен Шәэрбектің қашқанын естіп, хан құғыншы жібереді. Құғыншылардың бастығы Алау батыр болған. Алау батырдың таяп қалғанын біліп, Шәэрбек тынышсызданғанда, Эмет батыр былай толғайды: